«Тұтынушылардың құқығын қорғау" әлеуметтік жоба аясында жүргізілген «Құпия тұтынушы» мониторингінің
ЕСЕП

Облыстық ішкі саясат басқармасының тапсырысы «Тұтынушылардың құқығын қорғау" әлеуметтік жобасы аясында “Fulcrum Foundation” азаматтық бастамаларды қолдау қоғамдық қорының ұйымдастыруымен 2019 жылдың қазан айында “құпия тұтынушы” мониторингі жүзеге асты. Қазіргі таңда қоғамда мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды қоғамға бейімдеу, қоршаған ортадан шектемеу, оларға толыққанды қызмет көрсету өзекті мәселе болғандықтан, біз “Құпия тұтынушы” мониторингі арқылы мүмкіндігі шектеулі, атап айтқанда тірек-қимыл аппараты зақымдалған тұлғалардың қала орталығында мемлекеттік қызметтерді пайдалана алу мүмкіндігін бақылау мақсатында Қызылорда қаласы, Желтоқсан, Тоқмағанбетов және Қорқыт Ата көшелерінде мониторинг жүргіздік. Мүмкіндігі шектеулі азаматтарға жағдай жасап, инфрақұрылымдық қолжетімділікті арттыру бойынша дерек жинадық. Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі N 39 Заңы, 3-тарау Мүгедектердің құқықтары және оларды әлеуметтік қорғау, 14-бап. Мүгедектердің құқықтары

Қазақстан Республикасында мүгедектер:

1) әлеуметтік қорғауға, соның ішінде оңалтуға, қоғамға етене араласуға;

2) әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне кіріп-шығуын қамтамасыз етуге;

тармағын негізге ала отырып анықтағанымыз;

1. Желтоқсан көшесінде орналасқан “Ansar” дәріханалар желісінде пандустың талапқа сай жасалмағандығы және шақыру қоңырауының болмауы;

2. “Nur Optika” оптика орталығында пандустың мүлде қойылмағандығы;

3. “Артемида” дәріханасында пандус пен дәріханаға кіретін есіктің арақашықтығы сақталмауы және шақыру қоңырауының болмауы;

4. “Kazpost” поштасында шақыру қоңырауының жоқтығы;

5. Қорқыт Ата көшесі бойында орналасқан “Доктор Гүлсім” тіс емханасында пандустың мүлде болмауы;

6. “Стомед” тіс емханасында пандус жоқтығы;

7. ЖК “Ботагөз” ЖК “Вита-Стом” тіс емханаларында пандустың және шақыру қоңырауларының болмауы;

8. “Дентамед” тіс емханасында жаяу жүргіншілер жолы мен емхана аймағының талапқа сай орналаспағаны;

9. “Интерстом” тіс емханасында пандустың мүлде болмауы;

10. ЖШС “Стомед” тіс емханасында пандус болғанына қарамастан, шақыру қоңырауының болмауы;